

Көкшетау қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 25 ақпандағы № А-2/386 "Үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жай беру туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № А-3/397 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 1 сәуірде № 4717 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 18 қыркүйектегі № А-9/3497 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 18.09.2017 № А-9/3497 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді) қаулысымен .

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Көкшетау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Көкшетау қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 25 ақпандағы № А-2/386 "Үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу және кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін үй-жай беру туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1-1-138 болып тіркелген, 2011 жылдың 2 наурызында "Степной маяк" және "Көкшетау" газеттерінде жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1 қосымшасы осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын;

көрсетілген қаулының 2 қосымшасы осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Көкшетау қаласы әкімінің орынбасары А.Б. Әміреноваға жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Көкшетау қалалық
аймақтық сайлау
комиссиясының төрайымы

"20" 03. 2015 ЖЫЛ

Е.Маржықпаев

М.М.Қалиева

Көкшетау қаласы әкімдігінің
2015 жылғы "20" 03
№ А-3/397 қаулысына
1 қосымша
Көкшетау қаласы әкімдігінің
2011 жылғы 25 ақпандағы
№ А-2/386 қаулысына
1 қосымша

Үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

№	Елді мекеннің атауы	Үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орындар	Үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін объектінің атауы
Ақпараттық тумбалар			
1.	Көкшетау қаласы	"Юбилейный" мөлтек ауданы, 39, "Бакалея" дүкенінің ауданы	тумба-витрина
2.	Көкшетау қаласы	М. Горький көшесі, 60, "Тігін фабрикасы" аялдамасының ауданы	тумба-витрина
3.	Көкшетау қаласы	М. Әуезов көшесі, 173, "Базар" аялдамасының ауданы	тумба-витрина

Көкшетау қаласы әкімдігінің
2015 жылғы "20" 03
№ А-3/397 қаулысына
2 қосымша
Көкшетау қаласы әкімдігінің
2011 жылғы 25 ақпандағы
№ А-2/386 қаулысына
2 қосымша

Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде берілетін үй-жайлар

№	Елді мекеннің атауы	Кандидаттарға сайлаушылармен кездесуі үшін шарттық негізде берілетін үй-жайлар
1.	Көкшетау қаласы	Сүлейменов көшесі, 10, Көкшетау қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жанындағы "Достар" мәдениет сарайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының мәжіліс залы
2.	Көкшетау қаласы	М. Горький көшесі, Ақмола облысы әкімі аппаратының жанындағы "Қоғамдық келісім" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәжіліс залы
3.	Көкшетау қаласы	Ақан сері көшесі, 90, Ақмола облысының мәдениет басқармасы жанындағы "Көкшетау" мәдениет сарайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының көрермендер залы

4.	Көкшетау қаласы	М. Әуезов көшесі, 216, Ақмола облысының мәдениет басқармасы жанындағы "Шахмет Құсайынов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театры" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының көрермендер залы
----	-----------------	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК